


М.Абдулов ат. НЖББМ



Баяндама тақырыбы:

“ Жаңа технология - іс жүзінде ”


Баяндама әзірлеген: Тажидаева Бибигуль Телагисовна.




Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә.Назарбаев өз Жолдауында “ Біз білім берудегі жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз.

“ Өмір бойы білім алу “ әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс.

Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс” деп атап көрсеткен.






Білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отырған “ **Өз бетімен дами алатын жеке тұлға қалыптастыру**” міндеті : педагогтер қауымына уақыт күттірмейтін жауапкершіліктер жүктейді. Білуге құштар, білімді қажеттілікке айналдырған жеке тұлға қалыптастыру құралы - **технологиялар**.

Педагогикалық технологиялар оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Сондықтан мектептің әр мұғалімі өз пәнінің ерекшелігің ескере отырып, қазіргі сабақты жаңа технологиялар негізінде жүргізуге міндетті.

Тұлғаның өз бетімен білім алып дамуына қолайлы жағдай туғызылса, оқушының танымдық белсенділігі артады.

Оқушы өз мүмкіндігіне жол ашып, жеке қабілетін дамытады.

Сонда ғана оқытушы ХХІ ғасыр мұғалімінің моделін көрсете алады.





Тақырыптың жаңашылдығы:

*XXI ғасырдың алғашқы жылдарының негізгі проблемаларының бірі «**Білім бүкіл өмір бойына**» қағидасын жүзеге асыратын білім жүйесінің ұжымдық құрылымдарына іздеу болып табылады.*

Ақпараттық технология ақпаратты алудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың әдістері мен құралдары .

*Дьюидің айтуы бойынша мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді, яғни **«нақты бір мәселені қарастырып, қиын жағдайдан шығудың жолын өзіндік іздеу арқылы оқушы шын мәнінде ойланады»**. Осы орайда сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда жаңашылдығы ерекше.*





Тақырыптың тиімділігі:

Ақпаратпен жұмыс істей алу білімін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін туғызады.

- Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды.*
 - Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді.*
 - Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады.*
 - Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.*
 - Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.*
 - Оқытудың ой - өрісін , дүниетанымын кеңейтеді.*
 - Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап, жетістіктерге жетуіне көмектеседі.*
- Жаңа ақпаратты жинақтап салыстырып, жүйелеп, нақты қорытынды жасап, дәлелдейді.*
- Алған білімін талдап, жинақтап, жүйелілік қалыптастырады.*



**“Ойын
технологиясы”**

**Дамыта
оқыту**

**Сатылай
кешенді
талдау**

**“Тренинг
технологиясы”**

**“Модульдық
оқыту”**

Технология түрлері

СТО

**Электрондық
оқулық**

**“Проблемалық
оқыту жүйесі”**

БиС


**“Ұжымдық
оқыту”**





Технологияларды сабақта тиімді пайдалана білген жағдайда оң нәтижеге қол жеткіземіз.


- *Мұғалім мен оқушы арасында тең құқылы қарым-қатынас болады.*
- *Жеке ,жұпта,топта оқу жазу әрекеттері іске асады.*
- *Оқушы–басты дамушы тұлға .*
- *Мұғалім-басты тұлғаға бағыт беруші*
- *Ұжымдық үрдіс жүзеге асады.*
- *Әр оқушы өзіне жауапкершілікпен қарайды.*
- *Жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіледі.*
- *Оқыту үрдісінде оқушылар толық белсенді қатысып сабаққа тез араласады.*
- *Пікір алмасу жүзеге асады.*
- *Қорытынды жасай алады.*
- *Барлық пәндерге қолдануға болады.*
- *Ата-аналар жиналысы, тәрбие сағаты, конференция, пед.кеңестерде стратегияларын қолданып ұтымды өткізуге болады.*
- *Адамды жалықтырмайды,қызығушылық пен құлшыныс пайда болады.*
- *Шығармашылық шыңына жетуге көмек.*
- *Оқушылардың бойында белсенділік, қызығушылық, таным деңгейі жоғарлайды.*
- *Жаңалық ашуға,зерттеуге,ізденуге үйренеді.*



Ы.Алтынсариннің пікірінше, білім, **біріншіден**, адамзаттың ақыл – ойын дамытатын баға жетпес құндылық/” оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар.../, **екіншіден**, білім сапасы болуы тиіс / “Қалай болса солай оқытуға болмайды, жақсы білім берілуі керек”/, **үшіншіден**, прогреске жетелейді/”Өнер- білім бар жұрттар тастан сарай салғызды.../ Бүгінде, яғни ХХІ ғасырда білім, **біріншіден**, бұрынғысынша – асыл қазына, ел әлеуетінің өлшемі. Бүгінгі уақыт – адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы/Н.Назарбаев/, **екіншіден**, сапалы білім – бәсекеге қабілеттіліктің негізі, **үшіншіден**, терең білім мен кенен ғылым Қазақстанды индустриалдық – инновациялық елге айналдырады.


Қазіргі **“өмір бойы оқып – үйрене беру”** қағидасын кезінде Ы.Алтынсарин былайша білдірген: **“Сағат сайынғы менің мақсатым – қоршаған шындықтағы өз ойым мен танымымды кеңейту”**





Мен жұмысымды шығармашылықпен толықтырамын.
Менің жұмысым – қуаныштың қайнар бұлағы.
Мен жұмыс жасай жүріп демаламын, қанағатқа бөленемін.
Мен жұмысымның қорытындысына қанағаттанамын.
Мен бақыттымын!

**“Адам бақыты” рефлексиясы: “Құс қандай бақытты,
қанатын көкке жая білген, Мен қандай бақыттымын, жер
басып жүрген аяғыммен”**



Назар салып,
тыңдағандарыңызға рахмет!

